

"Тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 212 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 желтоқсанда № 35563 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 212 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34477 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыруға арналған қаражаттың игерілуі туралы жиынтық ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қабылданған міндеттемелер және төлемдерді жүзеге асыру бойынша қаражаттың болжамды қалдығы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

3) осы бұйрыққа сәйкес "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі есеп" тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бекітілсін."

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын:

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін атқарушы*

Р. Исакулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін
атқарушының
2024 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 446 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін
атқарушысының
2024 жылғы 7 маусымдағы
№ 212 бұйрығына
1-қосымша

"Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат" тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинау үшін арналған нысан

Тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны <https://www.gov.kz> интернет – ресурста орналастырылған:

"Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат"

Индексі: ТТЖА - 1

Мерзімділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: __тоқсан 202__ жыл

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: "Отбасы банк" акционерлік қоғамы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бес) күніне дейін

БСН:

(3-6-11-бағандар)/ Остаток выплат к выплате, тысяч тенге (графы 3-6- 11)	по действующим договорам аренды, заключенным к началу отчетного периода	аренды, заключенным в отчетном квартале	
14	15	16	17

Атауы /Наименование _____

Мекен жайы/Адрес _____

Басшы немесе оның міндеттерін атқарушы /Руководитель или лицо, исполняющее его

обязанности: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Орындаушы/Исполнитель: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Орындаушының байланыс нөмірі электрондық мекен жайы/Номер телефона, электронный адрес исполнителя: _

Күні/Дата " ____ " _____ 20__ жыл/год

Ескертпе: тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме " жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат _____ бойынша _____ жылғы жағдай бойынша " ____ " _____ 20__ (есепті кезеңнен кейінгі тоқсанның 1-ші күні)" осы нысанға қосымшада келтірілген/Примечание: Пояснение по заполнению формы, предназначенной для сбора административных данных в сфере жилищных отношений "Сводная информация по освоению средств для осуществления выплат отдельным категориям граждан за жилище, арендуемое в частном жилищном фонде за период с _____ по _____ года по состоянию на " ____ " _____ 20__ года (1-ое число квартала, следующего за отчетным периодом)", приведено в приложении к настоящей Форме.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
"Жеке тұрғын үй қорынан жалға
алынған тұрғын үй үшін
азаматтардың жекелеген
санаттарына төлемдерді
жүзеге асыру үшін қаражатты
игеру жөніндегі жиынтық

Тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсіндірме "Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Есеп) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есепті "Отбасы банк" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Есепке "Отбасы банк" акционерлік қоғамының жетекшілік ететін орынбасары не оның тегін және аты-жөнін көрсете отырып, оның міндетін атқарушы адам (құрылымдық бөлімше басшысының міндетін атқарғаны туралы растайтын құжат болған кезде) қол қояды.

4. Нысан мемлекеттік тілде және орыс тілінде толтырылады.

5. Нысан мынадай түрде толтырылады:

6. 1 - бағанда реттік нөмір толтырылады.

7. 2 - бағанда банктің атауы толтырылады.

8. 3 - бағанда барлық көзделген төлемдердің сомасы мың теңгемен толтырылады.

9. 4 - бағанда көзделген төлемдер сомасы оның ішінде жыл басынан бастап есепті кезеңнің басына жасалған қолданыстағы жалдау шарттары бойынша толтырылады.

10. 5 - бағанда көзделген төлемдер сомасы оның ішінде есепті тоқсанда жасалған жалдау шарттары бойынша толтырылады.

11. 6 - бағанда аударылған барлық төлемдердің сомасы мың теңгемен толтырылады.

12. 7 - бағанда аударылған төлемдер сомасы, оның ішінде есепті кезеңнің басында жасалған қолданыстағы жалдау шарттары бойынша толтырылады.

13. 8 - бағанда аударылған төлемдерден, оның ішінде есепті кезеңнің басына жасалған қолданыстағы жалдау шарттары бойынша жеке табыс салығының сомасы толтырылады.

14. 9 - бағанда аударылған төлемдер сомасы оның ішінде есепті тоқсанда жасалған жалдау шарттары бойынша толтырылады.

15. 10 - бағанда есепті тоқсанда жасалған жалдау шарттары бойынша жеке табыс салығының сомасы толтырылады.

16. 11 - бағанда бұрын мерзімі өткен төлемдер бойынша өтеу сомасы мың теңгемен толтырылады.

17. 12 - бағанда бұрын мерзімі өткен төлемдер бойынша, оның ішінде есепті кезеңнің басында жасалған қолданыстағы жалдау шарттары бойынша өтеу сомасы толтырылады.

18. 13 - бағанда бұрын мерзімі өткен төлемдер бойынша оның ішінде есепті тоқсанда жасалған жалдау шарттары бойынша өтеу сомасы толтырылады;

19. 14 - бағанда төлеуге төленетін төлемдердің қалдығы мың теңгемен толтырылады.

20. 15 - бағанда төлеуге төленетін төлемдердің қалдығы, оның ішінде есепті кезеңнің басында жасалған қолданыстағы жалдау шарттары бойынша толтырылады.

21. 16 - бағанда төлеуге төленетін төлемдердің қалдығы, оның ішінде есепті тоқсанда жасалған жалдау шарттары бойынша толтырылады.

22. 17 - бағанда ескертпе бар болса толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін
атқарушының
2024 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 446 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін
атқарушысының
2024 жылғы 7 маусымдағы
№ 212 бұйрығына
2-қосымша

"Қабылданған міндеттемелер бойынша есеп және төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражаттың болжамды қалдығы" тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді жинау үшін арналған нысан

Тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны <https://www.gov.kz> интернет – ресурста орналастырылған:

"Қабылданған міндеттемелер бойынша есеп және төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражаттың болжамды қалдығы"

Индексі: БҚБЕ- 1

Мерзімділігі:тоқсан сайын

Есепті кезең: __тоқсан 202__ жыл

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: "Отбасы банк" акционерлік қоғамы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бес) күніне дейін

БСН:

_____ бойынша _____ жылғы жағдай бойынша " ____ " _____ 20____
(есепті кезеңнен кейінгі тоқсанның 1-ші күні)" осы нысанға қосымшада келтірілген/
Примечание: Пояснение по заполнению формы, предназначенной для сбора
административных данных в сфере жилищных отношений "Сводная информация по
освоению средств для осуществления выплат отдельным категориям граждан за
жилище, арендуемое в частном жилищном фонде за период с _____ по _____
_____ года по состоянию на " ____ " _____ 20____ года (1-ое число квартала,
следующего за отчетным периодом)", приведено в приложении к настоящей Форме.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
"Қабылданған міндеттемелер
бойынша есеп және төлемдерді
жүзеге асыру үшін қаражаттың
болжамды қалдығы" нысанға
қосымша

**"Қабылданған міндеттемелер бойынша есеп және төлемдерді жүзеге асыру үшін
қаражаттың болжамды қалдығы" тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

1. Осы түсіндірме "Қабылданған міндеттемелер бойынша есеп және төлемдерді
жүзеге асыру үшін қаражаттың болжамды қалдығы" әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанды (бұдан әрі - Есеп) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды
айқындайды.

2. Есепті "Отбасы банк" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитетіне ұсынады.

3. Есепке "Отбасы банк" акционерлік қоғамы жетекшілік ететін орынбасары не
оның тегін және аты-жөнін көрсете отырып, оның міндетін атқарушы адам (
құрылымдық бөлімше басшысының міндетін атқарғаны туралы растайтын құжат
болған кезде) қол қояды.

4. Нысан мемлекеттік тілде және орыс тілінде толтырылады.

5. Нысан мынадай түрде толтырылады:

6. 1 - бағанда реттік нөмір толтырылады.

7. 2 - бағанда кезең басындағы қаражат қалдығы толтырылады.

8. 3 - бағанда ағымдағы жылға түскен қаражат толтырылады.

9. 4 - бағанда аударылған қаражат сомасы толтырылады.

10. 5 - бағанда кезең соңындағы қаражат қалдығы толтырылады.

11. 6 - бағанда жүзеге асырылған төлемдерді есепке алмағанда барлық кезең үшін
төлемдер бойынша қабылданған міндеттемелердің қалдығы толтырылады.

12. 7 - бағанда төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражаттың болжамды қалдығы
толтырылады (5-6-баған).

	администра тивно-терри ториальных объектов		Барлығы/ всего	1-бөлмелі/1- комнатная	бөлмелі/2- комнатная	3-бөлмелі/3- комнатная	4-бөлмелі/4- комнатная
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы/Наименование _____

Мекенжайы/Адрес _____

Телефоны/Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы/Адрес электронной почты _____

Орындаушы/Исполнитель _____

тегі, аты және әкісінің аты (бар болған жағдайда)/
фамилия, имя и отчество (при его наличии)

қолы,/ подпись, телефоны / телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

тегі, аты және әкісінің аты (бар болған жағдайда) /
фамилия, имя и отчество (при его наличии)

қолы/ подпись

Күні/ Дата " ____ " _____ 20__ жыл/ год

Тұрғын үй қатынастары
саласындағы әкімшілік
деректерді жинауға арналған
"Мемлекеттік тұрғын үй
қорынан тұрғын үйге мұқтаж
Қазақстан Республикасының
азаматтарын сатып алу
құқығынсыз жалға берілетін
тұрғын үймен қамтамасыз
ету жөніндегі есеп" нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі есеп" нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1. Осы түсіндірме "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Есеп) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есепті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Есепке облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің жетекшілік ететін орынбасары не оның тегін және аты-жөнін көрсете отырып, оның міндетін атқарушы адам (құрылымдық бөлімше басшысының міндетін атқарғаны туралы растайтын құжат болған кезде) қол қояды.

4. Нысан мемлекеттік тілде және орыс тілінде толтырылады.

5. Нысан мынадай түрде толтырылады:

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

7. 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды көрсетіледі;

8. 3-бағанда аймақтың атауы көрсетіледі;

9. 4-бағанда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру тетігіне тұрғын . үйді жалдау бойынша жасалған шарттардың жалпы саны көрсетіледі;

10. 5-бағанда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру тетігі бойынша жасалған тұрғын үйді жалдау шарттардың ішінен 1-бөлмелі пәтерлер саны көрсетіледі;

11. 6-бағанда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру тетігі бойынша жасалған тұрғын үйді жалдау шарттардың ішінен 2-бөлмелі пәтерлер саны көрсетіледі;

12. 7-бағанда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру тетігі бойынша жасалған тұрғын үйді жалдау шарттардың ішінен 3-бөлмелі пәтерлер саны көрсетіледі;

13. 8-бағанда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру тетігі бойынша жасалған тұрғын үйді жалдау шарттардың ішінен 4-бөлмелі пәтерлер саны көрсетіледі.